




ТҮЙТКІЛ

ДӘРІГЕР БАЛАСЫНА ЕКПЕ САЛДЫРТПАЙДЫ. НЕГЕ?

Әсет ҚАЛИЕВ, Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

«Ата-аналардың екпеден бас тартуы 2005 жылдан бастап тіркелді. Алғашқы жылы 11 бала еді, 2016 жылы 2538 балаға жетті. Шынын айтқанда, соңғы 5 жылда бас тартушылар саны 10 есе өсіп отыр. 2016 жылы 404 бала жаңадан қосылған, олардың 25 пайызы – жас отбасының балалары. Қазіргі таңда Ақтөбе облысы бойынша 2538 бала тіркеуде тұр. Оның ішінде туа бітті бірде-бір екпе алмаған балалар саны – 1534.



Бірер жыл бұрын елімізде екпе салдыру мәселесі қызу талқыланды. Кейбір ата-аналар «вакцина бала денсаулығына кесірін тигізеді», – деп дау көтерді. Ақхалаттылар керісінше, оның пайдасын айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізгендей болды. Осы аптада жабулы тұрған мәселенің беті қайта ашылды. Ақтөбе өңірінде балаларына екпе салдырудан бас тартқандар арасында мемлекеттік қызметкерлер мен дәрігерлер бар екені анықталды. Бұл туралы облыс басшысы Бердібек Сапарбаевтың медицина қызметкерлерімен болған кездесуінде белгілі болды.

(Жалғасы 3-бетте)

Омархан ӨКСІКБАЕВ, Мәжіліс депутаты, қаржы және бюджет комитетінің мүшесі:

«Қаржы министрі 150 миллиард теңге игерілмей қалғанын айтты. Бұл қаржы бюджеттік мекемелерде қалған. Әр ақшаның өз орны болуы керек. Әлеуметтік және басқа да салалар қаражатқа мұқтаж. Соларды уақытында қаржыландырып, нақты жоспарлап отыру керектігін айтып, мәселе көтердік. Елімізде басталып қойған, 70 пайызы салынған, біраз нысан құрылысын тоқтаттық. Бюджет тапшы болған соң салынбады. Егер де уақытында дұрыс берсек, сол нысандардың жұмысына кедергі келтірмейтін едік. Әкімшілік жүйе болмаған соң, бақылаусыздықтың салдарынан кеден ісінен түсер қаржы талан-таражға түскен-ді. Мінеки, осындай мәселелер бізді алаңдатады»



Гүлжан ҚАРАҒҰСОВА, Мәжіліс депутаты, қаржы және бюджет комитетінің төрайымы:

«Тәжірибе көрсеткеніндей, айыппұлдан көбінесе салық есептеуде шамалы қате жіберген немесе уақытында салық есебін тапсыра алмаған адал салық төлеушілер салық зардап шегеді. Неге олар салық қызметкерінің сауатсыздығын дәлелдеуге тиіс? Салық төлеушілерге өздерінің ақ, адал екенін дәлелдеу үшін қаншама тауқымет тартып, қилы сынақтардан өтуіне тура келеді. Ал әлгі мекеме басшылары болса, «салық асыра орындалды» – деп «көркем» көрсеткіштерімен мақтанады. Оған қандай әдіспен қол жеткізілетіні ешкімді де қызықтырмайды»



(Мәжілісте «Салық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру» мәселесі талқыландырып отырыста айтылды)

1+2



ТРАМП ТҮЙІНІ

«ЧУЙДІ ІЗДЕЙМІН»

БҰРАЛАҢ ТАҒДЫР

ЖЕҢІСПЕН БАСТАЛҒАН ЖЫЛ



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

54,42

DOLLAR

331,6

EURO

353,5

РУБЛЬ

5,6

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

«КамАЗ» сатамын...



(Жалғасы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2017

«Жас қазақ» газетіне 2017 жылы жазылу жалғасуда

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz



ЖАС ҚАЗАҚ
Тәртібі: 2



Билік

Осы аптада Елбасы ынтымақтастығымыз жарасып, 25 жыл қарым-қатынасымыз үзілмей келе жатқан Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ең сенімді серіктес болып табылатын БАӘ-мен байланыстың ұдайы дамып келе жатқанын, оның достыққа және өзара сенімге негізделгенін атап өтті.

Әбу Даби әмірлігінің так мұрагері, БАӘ Қарулы күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының орынбасары шейх Мұхаммед бен Заид Әл Наһаянмен кездесу барысында ширек ғасыр уақыт ішінде елімізге БАӘ-нен салынған инвестиция көлемі 2 млрд доллардан асқаны атап өтілді. Елімізде 200-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істеуде. Кездесу барысында ірі инвестициялық жобалар да сөз болды. Бұл тұрғыда Астана қаласында салынып жатқан, жалпы құны 1,6 млрд доллар болатын көп функциялы «Әбу Даби плаза» ғимаратын айта кетсе болады. Бұдан бөлек, Президент шетелдік инвесторларға жасалып отырған ыңғайлы жағдайды, жеңілдіктерді атай келіп, 19 жылдан бері елімізде Президент жанында шетел инвесторлары кеңесі жұмыс істеп келе жатқанын айтты. Инвесторлар корпоративті табыс салығы мен жер салығынан 10 жылға, мүлік салығынан 8 жылға босатылады. Бұған қоса, Елбасы БАӘ кәсіпкерлерін елімізде жүргізіліп жатқан жекешелендіру ісіне қатысуға шақырды. Президент Әбу Дабилін так мұрагері сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екі елдің ынтымақтастығы мәселесін қарастырды. Келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар құжатқа қол қойылды.

Нұрсұлтан Назарбаев сапар аясында жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің бас директоры Аднан Әминмен кездесті. Әнгіме барысында ынтымақтастықтың перспективасы бағыттарына қатысты



ЖАҢА БЕЛЕС

кең ауқымды мәселелер талқыланды. Мемлекет басшысы IRENA агенттігінің көптеген елдердің жанартылатын энергетика саласындағы күшін жұмылдырушы ретіндегі рөлін атап өтті. Тараптар серіктестік қарым-қатынастардың табысты дами беретініне сенім білдірді.

БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ – ОРТАҚ ИГІЛІК

Мемлекет басшысы Х дүниежүзілік «Болашақтың энергиясы» саммитіне қатысып, жиынның саясаткерлердің, ғалымдар мен сарапшылардың энергетика саласында және энергияны үнемдеу ісінде таза технологияларды дамытуға ықпал ету бағытында жүріп жатқан жаһандық диалогының маңызды бөлігіне айналғанын айтты. 2015 жылы жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігіне жұмсалған инвестицияның мұнай-газ саласына салынған инвестициямен алғаш рет теңескеніне назар аударды.

Елбасы ХХІ ғасыр энергетика саласындағы серпінді шешімдер дәуірі болуы қажет екенін айтып,

бұл тек энергетика саласының даму векторын ғана емес, планетамыздың алдағы мыңдаған жылдардағы тағдырын анықтайтын кезең болуға тиіс екенін атап өтті. Елбасы саммит жұмысы ұлттық «таза» энергетикалық саясаттың әзірленуі мен белсенді түрде енгізілуіне себепші боларына сенім білдіріп, энергияның жаңа көздерінен пайда таба білу қажет екенін жеткізді. Энергетикалық трендтердің көлік саласына да ықпал етіп отыр. Қазіргі таңда электромобиль кең танылып, қолжетімділікке ие болып келеді. Әлемнің көптеген мегаполистері қоғамдық таза көлікке көшіп жатыр. Осыған байланысты Н.Назарбаев саммитке қатысушыларға өткен жылдан бастап электромобиль шығара бастағанымызды айтып, алдағы уақытта электрлі автобустар шығаруды қолға алуға ниетті екенін жеткізді. Таза энергетиканы дамыту саласындағы бастамалар ынтымақтастық үшін берік негіз бола алады. Елбасы талқыланған мәселелер бойынша пайдалы пікірталас өтіп, ұтымды ұсыныстар айтылуына тілектестік білдірді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

100

теңге. Оралда бір кәсіпорынның құны

2388

теңге. Астана әкімдігі әрбір қаңғыбасқа күніне осынша жұмсайды

900

млн доллар. Отандастарымыздың өткен жылы көлік алуға жұмсаған ақшасы

84

мың. 16 жылда Керекуден шетелге кеткендердің саны

АПТАНЫҢ УӘДЕСІ

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,
ұлттық экономика министрі:

«Мәскеуде бес жыл қызмет еттім, туған тілімді ұмытып қалыппын. Бірақ алты айдың ішінде меңгеріп аламын»



Сөз-жебе

Асанәлі ӘШІМОВ,
Қазақстан халық әртісі:



«Кино әр елдің бет-бейнесі. ...Елді елге танытатын, елдің мәдениетін, тарихын, әдебиетін басқа елге жеткізетін өнердің бірден бірі – кино. Бүгінге дейін біраз жұмыс атқардық. Алдағы уақытта да жасай беретін боламыз. Американы бүкіл әлемге танытқан – Американың киносы.

Сондықтан кино өнерінен ешқашан, ештеңені аяуға болмайды»

Қызықтан қызықтары

«Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас!». Атырауда бір аудандық ішкі істер бөлімінде басшылық қызмет атқарған азамат біреудің «КамаЗын» сатамын деп қызметінен айырылды. Сондай-ақ қомақты айыппұл төлейтін болды.



Өткен жылдың күзінде полиция майоры Котяев ауылының тұсында ақауына байланысты Тәжікстан азаматының меншігіндегі «КамаЗ» автокөлігінің тұрғанын біледі. Иесі де бұл уақытта ел аумағында болмайды. Осыдан соң ол автокөлікті жөндеп,

аудандық ІІБ-іне айдап әкелуді бұйырады. Кейін оны өзінің танысына 600 мың теңгеге сатып жібереді. Сотта оның кінәсі толық дәлелденіп, оған мемлекеттік қызмет саласындағы лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырды.

Ап. ендеше!

Атыраулық жастар табысы 80-90 мың болатын жұмыстардан бас тартып отыр. Бұл туралы Жастар істері жөніндегі кеңес отырысында айтылды.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Еркін Шпановтың айтуынша, жұмыссыз жастардың бірін жалақының мөлшері қанағаттандырмаса, бірі нақты мұнай-кен орындарында еңбек еткенді қалайды. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, бүгінде олар табысы 80-90 мың болатын жұмыстардан бас тартып отыр. Қазір Атырау облысында екі мыңнан астам жас – жұмыссыз. Дегенмен өткен жылы жұмыс

80-90 МЫҢ ТЕҢГЕНІ МІСЕ ТҰТПАЙДЫ



берушілерден 21 мыңнан астам вакансия туралы мәлімет түсті. Олардың 60 пайызы жастар үшін қарастырылды. Сынактан өтуге шақырылған 814 адамның ішінен 263-і келмеген. Е.Шпановтың айтуына қарағанда, жастарымыз «қара жұмыстан» гөрі кеңесде отыратын немесе мол табысты мұнай-газ компанияларында қызмет еткенді қалайды.

Мәселе

Өскеменде арнайы тізіммен берілетін кейбір препараттар жергілікті дәріханаларда атымен жоқ. Жауапты мамандар медициналық өнімдердің қымбаттағанын айтады. Оған қосымша қаржы бөлінгенімен, тасымалдаушы компаниялармен уақытында келісім жасалмаған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері бұл мәселеден хабардар. 24кз хабарлағандай, өткен

Диалог

Соғыстан қансыраған Сирия шиеленісін шешу жолындағы маңызды қадам Астанада жасалмақшы. Бұған дейін кәрі құрлықтағы бірнеше кездесу нәтиже бермеді. Сарапшылар Астана процесінің ерекшелігі оппозициядағы қарулы топтардың да осы кездесуге (*Астана процесі*) қатысуға ниет білдіруінде дейді. Ресей мен Түркия президенттері былтырғы желтоқсанда келіссөзді Қазақстанда өткізуді ұсынды.

СЕНІМДІ МӘМІЛЕГЕР

Іле-шала Анкарада орыс елшісінің өлтірілуі екі елді райынан қайтарған жоқ. Ай соңында үкімет әскері мен қарулы оппозиция атысты тоқтатты. Мәскеу осы елдегі әскерінің бір бөлігін әкететінін мәлімдеді. Бұл ішкі және сыртқы күштердің мүддесі әбден қайшыласқан осы аймақтағы текетіресті саяси жолмен шешу кезек күттірмейтін міндет екенін көрсетті. Оның үстіне ірі әрі ықпалды мемлекеттер осы қактығыстын халықаралық қарым-қатынастағы тепе-теңдікті бұзып жібергенін де жақсы біледі.

Береке-бірлік, пен дінаралық татулықтан айырылған Сирияда соғыстың зардабын қарапайым халық тартты. Құрбандар саны 600 мыңнан асты. Панасыз алты миллион тұрғын дүниенің түкпір-түкпірінде босып жүр. Міне, сондықтан тұрақсыздық тамыр жайып, діни алауыздық өршіген елде бейбітшілік орнатуға сеп болу – сауапты да жауапты іс.

Содан болар, Елбасы Н.Назарбаев бейбіт келіссөз өткізу жөніндегі бастаманы қолдады. Президент осы мәселе бойынша Ресей, Түркия және Иран басшыларымен пікір алмасты. Бұл еліміздің тек бейтарап алаң ретінде ғана емес, келіссөз процесіне белсенді түрде атсалысқанын көрсетеді. Саяси әдебиетте «Сенімді мәмілегер» деген

термин бар. Соған сүйенсек, біздің еліміз әлемдегі қиын түйіндерді бейбіт жолмен шешуде өзінің мұндай бағаға лайық екенін дәлелдеді. Осы орайда түрік саясаттанушысы, профессор Маһир Накип Қазақстанның жер-жиһанға сенімді әрі ешкімге бұра тартпайтын, біреудің шылауында кетпейтін мемлекет ретінде танылғанын айтады. Ол мысал ретінде еліміздің бастамасымен құрылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) жиынында Үндістан мен Пәкістан басшыларының кездескенін, Иранның ядролық бағдарламасы бойынша мәселенің оң шешім табуына Қазақ елінің де атсалысқанын атап өтті. Айта кеткен жөн, бүгінде Астана келіссөзі жайында күн құрғатпай жазып жатқан түрік басылымдары Анкара мен Мәскеу арасындағы тонның жібуіне ерекше еңбек сіңірген еліміздің арағайындығын ілтипатпен еске алуға.

Шиеленісті саяси жолмен реттеуге бағытталған Астанадағы алғашқы келіссөзге Сирия үкіметі мен оппозициялық күштер, сондай-ақ түрлі мемлекеттердің өкілдері басқосуға қатысатынын білдірді. Демек, күллі дүниенің назары Қазақстанға ауады.

Талан ТЛІЕГЕН

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫ



жылы науқастарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 3 млрд 606 миллион теңге бөлінген. Алайда қымбатшылық дәрі-дәрмек бағасына әсер етіп, бөлінген қаражат жетпей қалған.

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев бүгінде екпе салдырудан бас тартқан бала саны 2,5 мыңға жуықтағанын айтып, дабыл қакты. Өткен жылдың басында бұл көрсеткіш 2 мыңнан сәл асатын. Ол екпеден бас тартып жатқандардың 90



ДӘРІГЕР БАЛАСЫНА ЕКПЕ САЛДЫРТПАЙДЫ. НЕГЕ?



Аружан САИН,
«Мейірімділік»
әрікті қоғамы» қорының
директоры:

«Біздің қор жүргізген зерттеуге сәйкес, екпе салдырғаннан кейін бала мүгедек, аутизм дертіне шалдығуы мүмкін. Бала дүние есігін ашқанда денсаулығы жақсы болса да, екпе салғаннан кейін тырыспасы ұстап, қызуы көтеріліп жатады»

Facebook
парақшасынан

пайызы мұндай қадамға діни негізде барып отырғанын жеткізді. Қарсы болып жатқандардың басым бөлігі Ақтөбе қаласында. Шалқар, Алға, Темір аудандарында да екпеден бас тартып жатқан ата-аналар баршылық. Ата-аналарды райынан қайтару мақсатында арнайы топты жұмылдыру керек деген бастама да көтерілді. Олар балаларына екпе салдырудан бас тартып отырған ата-аналармен түсіндіру жұмысын жүргізуі керек.

ТАСБАҚАДАН БАЯУ

Жиында соңғы кездері жедел жәрдем көлігін сағаттап тосатындардың мәселесі де көтерілді. Әкімнің айтуынша, екі жастағы баланың қызуы көтерілгенде жедел жәрдем қызметі төрт сағат дегенде әрең жеткен. Ол бір емес, екі емес, неге төрт сағат жүретіні түсінбейтінін жеткізді. Бұл ретте айта кету керек, Ақтөбедегі жедел жәрдем бекеті таяуда ғана 16 су жана көлікпен толыққан болатын. Айта кетейік, қантар айының басында «Жас қазак» тілшісіне аталарынан айырылған отбасы хабарласты. «Қантар айының 3-ші жұлдызында қайын атамыз еденге құлап түсті. Алдында ауырдым дегенін

естімедік. Түн батып барады. Ұялы телефоннан 103 нөміріне он рет қоңырау шалдым. Бармайды. Басқа бірнеше телефоннан шығып көрдік. Пайдасы жоқ. Содан жедел жәрдем бекетіне өз жолымызбен барып, дәрігерлерді әкелдік. Онымен атамыз жүріп кетті. Үлгермей қалдық», — дейді Айбол есімді тұрғын. Өңір басшысы дәрігерлермен болған кездесуінде жедел жәрдем бекеті басшысына шүйлікті.

Онымен көліктерге жауапты адам қаланың үлкендігін, шағынаудандарға жетудің өзі мұн екенін алға тартып ақтала бастады. Айтуынша, қонырау шалғандардың шамамен 80 пайызына көлік дер кезінде жетеді екен.

Аскар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе



Алексей ЦОЙ,
денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің орынбасары:

«Халықаралық мәліметтерге сүйенсек, вакцина салдарынан мүгедек болып қалу мүмкін емес. Қазақстанда екпенің кері әсерінен азаматтардың өлуі немесе кемтар болып қалуы тіркелмегенін айтқым келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректерінде тек қызылшаға қарсы энцефалит вакцинасын енгізу кезінде осындай келеңсіз жағдай болуы мүмкін екендігі көрсетілген. Және егуден өткен 1 миллион адамның ішінен тек 1-де ғана кездесуі ықтимал»

Сұхбат

Нұртай СӘБИЛЯНОВ:

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Өткен жылы Қазақстан Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Президент, Парламент пен Үкімет арасында өкілеттіктерді қайта бөлетін уақыт жеткенін айтып, арнайы комиссияға осы мәселені зерделеуді тапсырған еді. 11 қаңтарда мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі жұмыс тобы құрылып, ол алғашқы отырысы өтті. Президент Әкімшілігінің басшысы басқаратын жұмыс тобының құрамына Парламент, Үкімет, Жоғарғы сот, өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ заңгерлер мен ғылыми-сараптамалық қауымдастықтың өкілдері кіріп отыр. Сонымен, өкілеттілікті қайта бөлу не үшін қажет? Еліміздің алдағы бағыт-бағдары қандай? Осы сұрақтар төңірегінде Мәжіліс депутаты Нұртай Сәбиляновпен әңгімелестік.

Жас қазак: Нұртай Салихұлы, сіздің пікіріңізше, билікті қайта бөлу қажеттілігі неден туындап отыр? Не себепті бұл мәселе дәл қазір көтерілді?

Нұртай Сәбилянов: Билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу қазіргі кезде маңызды мәселе. Өйткені экономикамыздың дамуына, еліміздің, қоғамымыздың өркендеуіне орай әрі қарай ілгерілеуіміз қажет. Осыған байланысты биліктің әрбір тармағы өзіне жауапкершілік алып, соны адал атқарып, халыққа қызмет еткені жөн. Билік тармақтарының арасында өкілеттіктерді анықтаған кезде Парламент пен Үкіметтің жауапкершілігін арттыруға үлкен көңіл бөлген жөн секілді. Ал енді Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстан еліміздегі президенттік басқару жүйесінің арқасында дамудың даңғыл



жолына түсті. Осы бағытты біз әрі қарай жалғастыруымыз керек. Ең бастысы, Парламент пен Үкіметтің жауапкершілігін күшейтуге күш салсақ, қай жағынан алсақ та, ұтылмаймыз деп ойлаймын. Жалпы, менінше, өкілеттіктерді бөлу, беру дегеніміз — айналып келгенде, халыққа қызмет етіп, мемлекеттің өркендеуіне атсалысу деген сөз ғой. Осындай өзгерістер арқылы біз басты мақсатымыз — дамыған елдердің қатарына қосылу мұратына қол жеткізе аламыз.

Жас қазак: Көп уақыттан бері сарапшылар Парламентті күшейту қажет деген пікір айтып жүр. Мұны іске асыру үшін еліміздің заң шығару билігіне қандай өкілеттіктер беру қажет деп есептейсіз? Парламентке Үкіметтің қызметін бақылау функциясын беру қарастырыла ма?

Нұртай Сәбилянов: Парламент - заң шығарушы орган. Сондықтан, ең бастысы, біз заң шығарған кезде мемлекеттік бюджеттің түсімін азайтатын немесе мемлекеттік шығындарды көбейтетін мәселелерден өзгесінің бәріне Үкіметтен қорытынды алудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Қазір әр нәрсеге, мысалы, заңдарды талқылап жатқан кезде көп

депутаттар ұсыныс жасайтын болса, бірқатар ұсыныстарға үкіметтен міндетті түрде қорытынды алуымыз керек. Менің ойымша, депутаттардың ұсынысы жалпы халықтың, мемлекеттің дамуымен үйлесіп жатса, ол әрі қарай заңдардың жақсаруына ықпал етеді. Жалпы, осы мүмкіндікті пайдалануымыз қажет. Заңдардың сапасын арттыруда жауапкершілікті күшейткен дұрыс болады. Ең маңыздысы, сапалы заңдарды қабылдауда парламенттің жауапкершілігі болуы керек. Бұдан бөлек, Парламент тек заң шығару функцияларына ғана емес, сонымен қатар ол үкімет қызметін бақылау мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Қазіргі кезде парламентте үкіметтің қызметін бақылау функциясы жоқ. Ал Үкіметтің заңдарды қалай жүзеге асырып жатқанын Парламент бақылауы керек. Өйткені, заңды біз шығарамыз, үкімет оны орындайды. Бірақ дұрыс орындалмай жатса, халық Парламент шығарған заң деп айтады. Сондықтан осындай жағдай болмауы үшін Парламент заңдардың орындалуын қамтамасыз ететіндей жағдай тудыру қажет. Яғни үкіметтің жұмысын бақылау функциясы Парламентке берілуі тиіс. Содан кейін бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуы мәселесі бар. Бұл мәселе бойынша да біз үкіметтің есебін тыңдап, бекітеміз. Осы тәртіпті де қайта қарауымыз керек. Үкімет есебін Парламентке келуі, оның қандай жағдайда талқыланыуы секілді жайттарға ерекше назар аударған жөн.

Жас қазак: Биліктің әр тармағы өзара өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша ұсыныстарын әзірлеп, жұмыс тобына беретіні белгілі болды. Депутаттар бұл жұмысқа кірісіп кеттіңіздер ме?

Нұртай Сәбилянов: Бұл мәселе бойынша бізде де жұмыс тобы құрылды. Ұсыныстарымыз дайын болғаннан кейін билікті қайта бөлу мәселелері жөніндегі комиссияға береміз. Қазіргі кезде әр депутат өзінің ұсынысын жұмыс тобына беруге құқылы. Қарап, дайындап жатқандарымыз да бар. Мен де міндетті түрде өз ұсыныстарымды беретін боламын.

Сұхбаттасқан Айымгүл ӘБЛЕВА

ҚОҒАМ



3

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қаржы

KASE мәліметіне қарағанда, құнды қағазын БЖЗК сатып алған «Бозғұл Аурум» 2006 жылы тау-кен және алтын-кен өнеркәсібінде жер қойнауын пайдалану операциясын жүргізу үшін құрылған. Былтырғы жылдың қантар-қыркүйек айларында компания ешқандай табыс таппапты. 2015 жылғы табысы да мәз емес. Небәрі 93 мың теңге. Ұлттық банк «Бозғұл Аурумның» әйтеуір тақырға отырмағанын айтып ақталды.

Компания жер қойнауын пайдалануға берілетін рұқсат қағазын содзырып жатқандықтан, жұмысы жүрмеген көрінеді. Биылдан бастап табысқа кенелмекші. Қысқасы, «тумаған сиырдың уызы» бола жаздады.

Осы мәселеге байланысты күні кеше Мәжіліс депутаты Дәния Есбаева Үкімет басшысы мен Ұлттық банк төрағасына сауал жолдады. «Ақ жол» партиясы сапындағы халық қалаулысы БЖЗК-ның ешқандай «өз есебі» болуы мүмкін емес, қордағы қаржы миллиондаған адамның маңдай термен тапқан ақшасы және инвестициялық табыс екенін еске салды.

Оның үстіне, зейнетақы салымы ерікті түрде емес, салық іспетті қорға міндетті түрде аударылады. Сондықтан дүйім жұрттың қарттыққа сақтаған ақшасын басқару барынша ашық және мемлекеттің қатан қадағалауында болуы тиіс.

БӘСЕКЕ ЖОҚ ЖЕРДЕ

«Ақ жол» партиясы БЖЗК монополиясын жойып, бұрынғыдай бір-бірімен бәсекеге түсетін ірі ойыншыларға қайта оралғанды жөн санайды. Сондай-ақ депутаттар зейнетақы жинағын индустриализация бағдарламасы шеңберінде ірі трансұлттық корпорациялардың қатысуымен жүзеге асатын индустриалдық жобаларға бағыттауды ұсынды.

Бұған дейін Ұлттық банк БЖЗК-ның өзіндік қаржысын басқару тізгінін қолына алатынын айтқан, яғни қадағалауды күшейттік. Қорда тексеру жүргізілгеннен кейін тұрғындардың зейнетақы салымы «БЖЗК» АҚ балансынан бөлек есептеледі. Ұлттық банк қордағы зейнетақы жинағын инвестициялау Ұлттық қордың Басқару кеңесі тарапынан мақұлдаған бағыттар бойынша жүзеге асырылатынын мәлімдеді.

Соған сәйкес, 2016 жылы БЖЗК-ғы қаржы мынадай бағыттар бойынша инвестицияланған: мемлекеттік құнды қағаздар сатып алынды; сырттағы қаржы нарығында инвестициялау үшін шетел валютасы сатып алынды; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру мақсатында екінші деңгейлі банктерге депозит салынды; квазимемлекеттік бөліктегі субъектілердің құнды қағаздары сатып алынды.

Айта кету керек, былтырдан бері қордағы зейнетақы жинағына шетел валютасы көбірек сатып алынды. 2016 жылдың басында мұндай инвестиция көлемі 6,1 пайызды құраса, 1 желтоқсанда бұл көрсеткіш 23,1 пайызға жетті. Бірақ қордың бұл бағытта кеш қимылдағаны қынжылтады. Егер 2015 жылғы девальвацияға дейін қордағы қаржының жартысынан көбін шетел валютасында сақтағанда, салымшылардың жинағы ойсырамас еді.

Алдыңғы жылы теңге құнсызданғаннан кейін, 1 миллион теңгеге дейінгі депозитті девальвация деңгейіне индексациялау туралы шешім қабылданғаны белгілі. Неге екенін, зейнетақы қорындағы салымдарды индексациялау жағы қалып қойды. Оның үстіне өткен жылы БЖЗК-ға түсетін жарнаны тек мемлекеттік қазнаға салу туралы шешім қабылданды. Экономистер мұны бюджеттің жыртығын жамау үшін жасаған қалам деп түсіндіреді. Сондықтан «түсім түгелдей мемлекеттік құнды қағазға салына, қордың табысқа кенелуі неғайбыл» деген болжам айтылды. Солай болды да. Егер 2015 жылы БЖЗК активтерінің табысы 15,65 пайызды құраса, былтырғы қантар-қараша айларында табыс 8,15 пайызға дейін төмендеді. Дегенмен мемлекеттік құнды қағазға инвестиция салу үлесі де кемді. Ұлттық банк теңгелі активке қаржыны азырақ сала бастады. Жыл басынан бері оның үлесі 83 пайыздан 77,7 пайызға дейін азайды.

Жалпы зейнетақы қорындағы қаржыны еселеуге қатысты ұсыныс көп. Ең әуелі бұл салада бәсеке болуы керек. Бәсеке болмаған соң, БЖЗК басшылығы өзіне тиімді шешім қабылдайды. Бес миллиард дауы ақыры бұрынғы төраға Руслан Ерденәвті абақтыға апарды.

Осыдан кейін жаңа басшының беделі кіршіксіз болғаны жөн еді. БЖЗК директорлар кеңесі («Ақ Ұлттық банк басшысы») мұны ескермеді ме, әйтеуір, «БЖЗК» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен қорды басқару міндеті Нұрбибі Наурызбаеваға жүктелді. Өзі ісін білетін білікті маман шығар. Бірақ осыдан төрт жыл бұрын «Тұрғынұйқұрылысжинақ» банкінің шулатып кеткен адамға білдей зейнетақы қорының тізгінін ұстата салғанын жұрт түсіне алмай дал.

Елдің есіне түсірейік, 2013 жылы «Ақ жол» партиясының депутаты Нұрлан Жазылбеков осы банк басшылығына қатысты тексеру жүргізу керектігін мәлімдеді. Оған несие тімен мөлшерлемемен алу мүмкіндігі туралы ақпаратты халыққа таратпау туралы хатқа банк басшысының қол қойғаны негіз болды. Кейін Нұрбибі ханым бұл хатты жалған деп, оған еш қатысы жоқ екенін жеткізді. Көп ұзамай банк басшысынан бастап бірнеше қызметкердің тұрғын үй кешенінен жеңілдетілген бағдарламамен пәтер алғаны әшкереленді.

«Мен қор беделін қалпына келтіріп, оның қызметін жақсарту, салымшының құрметті демалысқа шыққаннан кейін өзі күткен зейнетақысын алуға мүмкіндік ұсынатын, халықтың сенімін ақтайтын жинақтаушы зейнетақы жүйесін құру жолында жұмыс істеймін» дейді қордың жаңа басшысы. Сенейік пе, сенбейік пе?

Тапқан табысының 10 пайызын зейнетақы қорына аударатын салымшының бүгінде көңілі алаң. Соңғы кезде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) басынан бұлт кетпей қойды. Бәленің бәрі көпшілікке беймәлім жеке компанияның акциясын 5 млрд теңгеге сатып алудан басталды. Қордың «өз есебінен»-міс.

Оның үстіне, зейнетақы салымы ерікті түрде емес, салық іспетті қорға міндетті түрде аударылады. Сондықтан дүйім жұрттың қарттыққа сақтаған ақшасын басқару барынша ашық және мемлекеттің қатан қадағалауында болуы тиіс.

Осы мәселеге байланысты күні кеше Мәжіліс депутаты Дәния Есбаева Үкімет басшысы мен Ұлттық банк төрағасына сауал жолдады. «Ақ жол» партиясы сапындағы халық қалаулысы БЖЗК-ның ешқандай «өз есебі» болуы мүмкін емес, қордағы қаржы миллиондаған адамның маңдай термен тапқан ақшасы және инвестициялық табыс екенін еске салды.

Оның үстіне, зейнетақы салымы ерікті түрде емес, салық іспетті қорға міндетті түрде аударылады. Сондықтан дүйім жұрттың қарттыққа сақтаған ақшасын басқару барынша ашық және мемлекеттің қатан қадағалауында болуы тиіс.



2016
ЖЫЛҒЫ 1
ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ
ДЕРЕК БОЙЫНША
9,4 МЛН АДАМ
МІНДЕТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ
ЖАРНАСЫН
ТӨЛЕЙДІ

2017
ЖЫЛҒЫ
1 ҚАҢТАРДАҒЫ
ДЕРЕК БОЙЫНША ЕКІНШІ
ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕП
САЛЫНҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ
АКТИВІНІҢ ҚӨЛЕМІ –
400 МЛРД ТЕҢГЕ. БҰЛ
ЖАЛПЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ
ЖИНАҒЫНЫҢ 6%

Гүлнар АХМЕТОВА

Сарап

АҚШ-тағы президент сайлауында Дональд Трамптың жеңіске жетуі — тек Америка ғана емес, бүкіл әлем үшін оқыс жағдай. Тіпті белгілі бір дәрежеде естен тандырды десе де болады. АҚШ-та қарабайырлау, тіпті «нәсілшіл» деп айып тағылған саясаткер жеңеді деп кім ойлаған. Трампқа әу бастан бүкіл дерлік американдық истеблишменттің қарсы шыққаны белгілі.

Қоғамдық сауалнамаға сәйкес, Хиллари Клинтонды жақтағандар көп еді. Басы дау-дамайға қалса да, ол Трамптан оқ бойы озық тұрды. Елдегі жалпы сайлау бойынша, сондай-ақ жекелеген штаттардағы сайлаушылардың қолдауымен ол басым түсті. АҚШ-та бүкіл ел бойынша қанша дауыс алғанын маңызды емес. Ең бастысы, дауыс берушілердің (*жалпы сайлаушылардың емес*) көпшілік дауысын иеленсең, жетіп жатыр. Мәселен, халқы тығыз қоныстанған Калифорния 55 дауыс, Флорида 29, ал шағын Мэн штаты бір ғана дауыспен қамтамасыз етті.

Бұдан басқа, Клинтон тұрғындардың жекелеген ірі топтарына арқа сүйеді. Олар — афроамерикандықтар, Латын Америкасының өкілдері, феминистер, жыныстық тұрғыдан ерекшеленетін ат төбеліндей топтың өкілдері, ірі қалалардағы либералдық бағытты ұстанатындар, сондай-ақ жоғары білімді ақ адамдар. Тиісінше, теориялық тұрғыдан АҚШ тұрғындарының 13 пайызын

Біріншіден, бұл, әрине, АҚШ мемлекеттік хатшысы қызметінде құпия құжаттарды жекеменшік электронды поштасы арқылы жөнелтуі. Оған қатысты іс жазда жабылды. Алайда ФТБ (*федералдық тергеу бюросы*) аяқ астынан оны қайтадан қазбай бастады. Сосын, сайлау қарсаңында істі қайта жапты. Сондықтан ол сайлау нәтижесіне ықпал етуге ұмтылды деген күдік бар. Оның үстіне ФТБ басшысы — республикандықтар жағында.

Әлбетте, Клинтон үшін жағымсыз саналатын осы істен нендей жаналық табуға болады? Іс ақырында жабылды. Әйтсе де, оны екінші



ТРАМП ТҮЙІНІ

құрайтын афроамерикандықтар сайлау кезінде мықты қолдау бола алады. Оның үстіне, Клинтон әу баста Калифорния (55), Нью-Йорк (29) және Массачусетсте (11) дауыс берушілер дауысының басым көпшілігін иеленіп, алға суырылып шықты. Тек осы үш штат қана оған қажетті дауыстың үштен бірін қамтамасыз ететін еді. Трампқа қарсы оның өз партиясының бір бөлігі қарсы шыққанын да ескеру керек. Осыдан он жыл бұрын Трамптың әйелдер туралы жағымсыз пікірі жалпақ жұртқа жария етілген соң, кейбір республикандықтар оған өз кандидатурасын алып тастау жөнінде

қайтара қозғағанда, Клинтонның кейбір құжаттармен үйде жұмыс істегені, оған үй қызметшісінің құжаттарды компьютерден басып шығаруға көмектескені жария етілді. Филиппиндерден келген үй қызметшісінің бейнесі қалың бұқараның зығырданын қайнатса керек. Бұл ақпарат Хилларидің жақын қызметтесі үнді мұсылманы Хуму Абедин екені, оның балалық шағы Сауд Арабиясында өткені және отбасының «Мұсылман бауырлар» сияқты әсіредіншілдерді қолдайтыны жайындағы қанқу сөзден де асып түсті.

Бірақ мемлекеттік хатшы қызметін аткарып жүргенде, Клинтон қорына сый



ұран тастады. Біреулер, тіпті оған дауыс бермейтінін айтты.

Өзі үшін осындай қолайлы жағдай қалыптасқанда, Клинтон жеңіліс тапты. Сондықтан неліктен Трамп жеңіске жетті деген сауалдан гөрі, Клинтон неге жеңілді? — деген сауалға жауап іздеген дұрыс шығар. realclearpolitics.com сайтындағы деректерге көз жүгіртсек, қазан айының соңында күрт бетбұрыстың болғанын байқаймыз. Оған дейін Хиллари Клинтон 264 дауыс берушінің (*қажетті дауыс — 270*) қолдауына ие болса, Трамп тек 100 дауысты місе тұтты. Клинтон құбылмалы жеті штаттың біреуінде жеңсе, жетіп жатыр еді. Ал Трампқа бес штаттың қолдауы қажет-тұғын.

Огайо (18) және Флорида штаттарының (29) маңызы зор болды. АҚШ-тағы басқа штаттармен салыстырғанда, осы екеуі таңдау жасауға келгенде үнемі құбылып тұрады. Бұл орайда 2000 жылы кіші Джордж Буштың Флоридада бірнеше жүз дауысты иеленіп, қарсыласы Альберт Гордан басым түскенін еске түсірсек те жеткілікті. Сол кезде қатты шу шыққан. Қазан айының соңғы он күнінде Клинтон әлі де Флоридаға, ал Трамп Огайоға арқа сүйеді.

Бірақ қазан айының соңы — қараша айының басында жағдай күрт өзгерді. Бірнеше штат әлі таңдау жасамағандар қатарына ауысып, сауалнама нәтижесінде Клинтонға 203 кепілді дауыс берілетіні айқындалды. Нәтижесінде ол 228 дауыс жинады. Себебі тек Огайо мен Флоридада ғана емес, Пенсильвания (20) және Висконсин (10) штаттарында жеңіліске ұшырады. Сонғылары дәстүрге сай демократтарға дауыс берді. Қазан айында ғана бұлар Клинтонды қолдайтын штаттар қатарында еді.

Соншама не боп қалды? Неліктен Хиллари Клинтон әу бастағы басымдығынан айырылып қалды? Оның президент болуына кедергі келтірген екі жағдай бар.

Бүгін күллі дүниенің назары Америкаға ауады. Дональд Трамп ұлықтау рәсімінен кейін АҚШ-тың жаңа президенті қызметіне ресми түрде кіріседі. Өткен жылғы қарашада өткен сайлау төңірегіндегі әңгіме әлі басыла қойған жоқ. Американың көсегесін көгертіп, беделін биіктетуге уәде берген Трамптың ендігі жердегі қадамы қандай болмақ? Алып мемлекеттер мен шағын елдерді, қуатты одақтар мен экономикалық бірлестіктерді толғандырған басты сауал осы. Біз осыған орай, ғаламдық саясат пен экономикадағы құбылыстарды терең зерттеп жүрген танымал саясаттанушы Сұлтан Әкімбековке сөз беруді жөн көрдік.

ШАРТАРАП

«Манасқа» қона алмады



Осы аптада елімізбен көршілес жатқан айырқалпақты ағайындарда қайғылы оқиға орын алды. Бішкектегі «Манас» әуежайының маңында Boeing-744 жүк тасымалдаушы ұшағы апатқа ұшырады. Гонконгтан ұшып шыққан әуе лайнері әуежайға 1,5 шақырым жетпей, саяжайға құлап отқа оранды.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, 4 экипаж мүшесі, отыздан астам саяжай тұрғыны қаза тауып, оннан астам адам жаракат алған. 32 үйдін қирағаны да белгілі болды. Қырғызстанда 17 кантар аза тұту күні деп жарияланды. Қайғылы оқиға байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз президенті Алмазбек Атамбаевқа көңіл айту жеделхатын жолдады. Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан қаза болғандардың туыстары мен жақындарына, сондай-ақ барша қырғыз халқына көңіл айтты. Қазіргі таңда әуе апатының мән-жайы анықталуда. Қырғызстанның төтенше жағдайлар



министрлігінің дағдарыс жағдайында басқару орталығының басшысы Мухаммед Сваровтың хабарлауынша, Turkish Airlines компаниясына тиесілі ұшақ ауа райының

қолайсыздығынан апатқа ұшыраған. Алайда Қырғызстан вице-премьер министрі Мухамметқали Әбілғазиев бұл мәліметті жокқа шығарды. Оның айтуынша, керісінше ауа райы қолайлы болған. Ол тіпті төтенше жағдай орын алған уақытқа дейін 11 ұшақтың қонғанын айтады. Ал апатқа ұшыраған ұшақтың бөлшектері бір шақырым жерге дейін шашылыпты. Сондықтан аумақты тәртіп сақшылары қоршауға алды. Қара жәшіктің бірі табылып, тағы екеуі ізделірілуде. Қазіргі таңда арнайы штаб құрылып, баспанасыз қалғандарға жылу жинау науқаны жүріп жатыр.

Жат жұртта қамалған қыз

Отандасымыз Несібелі Ибраимова жарты жылдай уақытын Ресей елінде құлдықта өткізген. Өткен жылдың май айында қаржы табу мақсатымен Мәскеуге аттанған бойжеткеннің жолы болмады. Informburo.kz хабарлағандай, оған жаксы айлық пен қолайлы жұмыс тәртібі ұсынылған. Алайда ол барғаннан кейін жағдай мүлдем басқаша болды. Несібелінің Мәскеуге келісімен ұялы телефоны мен құжаттарын тартып алып, сауда дүкеніне қамап қойған. Құлдықта болған жас қыздың айтуынша, оларды күштеп ұстаған. Тамақтың орнына қатқан нан мен қара су ғана берген. Үйдегілерімен сөйлесуге айына бір рет рұқсат етілгенімен, дүкен басшылығы оларды күштеп жұмысқа салған. Несібелінің жағдайын байқап қалған дүкен тұтынушысы қашуына көмектескен. Қазіргі таңда Несібелі Қазақстанға оралды. Қызға «Азаматтық көмек» және «Альтернатива» қозғалысының белсенділері көмек көрсететінін мәлімдеді. Олар бұл істі сотқа дейін жеткізуді көздеп отыр.



Физик лаңкес

Ыстамбулдағы әйгілі «Рейна» түнгі клубында 39 адамды өлтірді деген айыппен ұсталған Абдулқадір Машариповтың Ауғанстанда білім алып, арнайы дайындықтан өткені мәлім болды. Бұл туралы turkiye.com.tr интернет басылымы Ыстамбул уәліи (губернатор) Уәсип Шаһинге сілтеме жасай отырып хабарлады. Шаһин күдіктінін 1983 жылы Өзбекстанда туғанын, төрт тілді меңгерген тәжірибелі лаңкес екенін атап өтті. Биылғы бірінші кантардан бері іздегіру амалын қолға алған полиция А.Машариповпен бірге төрт



адам ұсталды. Олардың үшеуі өртүрлі елден келген әйелдер. Сондай-ақ тұтқындау операциясы кезінде 197 мың доллар тәркіленген. Уәсип Шаһин қолға түскен содырдың қылмысты мойындағанын хабарлады. Ыстамбулдағы қанды сойқанды ДАИШ лаңкестік ұйымы өз мойнына алған болатын. А.Машариповтың университетте физика факультетінде оқығаны хабарланды.



АҚШ тарихындағы жаңа кезең дәл соның есімімен тығыз байланысты. Осы кезде оқшаулану саясатынан әлемдегі оқиға мен құбылыстарға белсенді араласу саясатына ойысу басталғаны белгілі. Вильсон басқарған кезде Федералдық резерв жүйесі құрылды. 1917 жылы АҚШ бірінші дүниежүзілік соғысқа кірісіп кетті. 100 жыл өткен соң АҚШ-тын жаңа президентті оқшаулану саясатын ұрандағып, билік басына келді. Тарих шеңберінің тұйықталғанына әзірге көзіміз жетпейді. Бәлкім,Трамптың жеңіс ортақ тенденцияларға ықпал ете алмайтын жеке оқиға болып қалуы да мүмкін.

Сұлтан ӘКІМБЕКОВ



Алаң

Осы уақытқа дейін аралас неке туралы талай мәселе көтерілді. Себебі қазіргі таңда елімізде жылына шамамен 100 мың жас отау тіксе, оның 20% немесе 20 мыңы аралас неке. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне қарасақ, 18–20 жастағы қазақ қыздарының үштен бірі – шетелдік жігітке күйеуге шыққысы келеді. Бірақ сол өзге елдің азаматымен басы бір қазанға сыймай, қайтіп келіп жатқан қарындасстар қаншама. Ол туралы ара-тұра баспасөз беттерінде айтылғанымен, нақты мәлімет жоқ. Бастапқыда білім аламын деп шетелге кеткен қыздарымыздың қаншасы елге қайта оралмады? Бұл кеше болмаса бір жыл бұрын туындаған мәселе емес. Түйіні бұрыннан тарқамай келе жатқан жағдай. Жуырда бір ақпарат агенттігі «Ақпан айында 15 қытай азаматы қазақ қызын алу үшін Астанаға келе жатыр», – деген сарында ақпарат таратты. Кейін бірқатар сайт іліп әкетіп, әлеуметтік желіде бұл тақырып қызу талқыланды. Ал Америка, Ұлыбритания, Түркия сынды елдердегі халықтың санын көбейтуге атсалысып жүрген бұрымдыларымыздың саны қанша? Алғашында бақыттан басы айналып, кейін қазақ қыздары менің қателігімді қайталамаса екен деп өкінішін білдіріп жатқандар да жетерлік. Шетелдікке шыққан қазақ қыздары не айтады?

«ЧУЙДІ ІЗДЕЙМІН»



Бойшаң, шашы ұзын, қиғаш қас, сымбатты келіншекпен жиен қыздың қоныс тойында таныстым. Жанары мұңды, өзгелер қаркылдап күлгенде ол жымыған да жоқ. Дастарқан басындағылар өте көңілді. Мұнайып отырған жалғыз Айгүл. Онымен мен жақын танысып, тез тіл табыстық. Сөзін шегелеп, нық сөйлейді екен. Өзінің бірнеше жылдан бері күйеуінен алимент өндіре алмай жүргеніне шағымданды. Елімізде жалғызбасты бала тәрбиелеген келіншектердің бәрін сан соқтырған мәселе, сот орындаушылар да қашқын әкеден ақша өндіріп алу үшін табан тоздырып жүр деп, жұбатқандай болдым. Алайда Айгүлдің күйеуін сот орындаушылар итпен іздесе де таппайтын секілді. Оның сүйген жары Қытай азаматы. Әйел қытайлық жігітпен қалай танысқанын және бірге өмір сүрген күндері жайлы айтқанда жалдырап кетті. «Қытай мейрамханасында даяшы болып

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат БИҒАЗИН, қорғаушы:

– Баланың әкесінен алимент өндіріп алу үшін Қытай азаматының туған жерін, мекенжайын анықтап, хат жазып, Қазақстанға шақыртып, ДНК сараптамасы үшін шаш, сілекей немесе қан тапсыруы керек. Яғни алдымен бізге қытайлық жігіттің Айгүлдің қызының әкесі екенін дәлелдеу керек. Себебі ерлі-зайыптылар азаматтық некеде тұрған. Өкінішке қарай, шағымданушы күйеуінің тұрғылықты мекенжайын толық білмейді. Яғни 1 миллиардтан астам халық мекендейтін ҚХР Чуй Жин Чинді табу қиямет-қайым болып тұр. Екіншіден, суреті де жоқ. Қолда мәлімет-ақпараттар өте аз болып тұр. Қытай азаматы 500 еуро төлеймін деген қолхат қалдырып кеткен екен. Оны тексергенімізде еуро емес юан деп жазылған болып шықты. Іздеуге талпынып көруге болады. Қорғаушы Болат Биғазин шетел азаматын іздеуге, алимент өндіріп алуға қажетті құжаттарды әзірлеуде. Әзірге қазақ қызы мен қытайлық күйеудің арасындағы махаббаттан туындаған даудың қалай бітетіні белгісіз болып тұр.

жұмыс істедім. Көбіне шетелдіктер тамақ ішуге келеді. Күнде соларға қызмет көрсетеміз. Кейде артық тиын-тебен тастап кетеді. Оған мәз боламыз. Осындай жиі келетін қонақтың бірі – Чуймен таныстым. Жасым 24-те, ол 44 жаста. Өзі осында компанияның қызметкері екен. Орыс тілін біледі. Басында әңгімеміз жараспады, мен оның құшағына бірден құлаған жоқпын. Бірақ Чуй сыйлыққа жомарт. Көңіл-күйімді көтеру үшін тосын амалдар жасайтын. Дерекшілік мінезі жоқ. Онымен кездескенде жігітіммен жиі салыстырдым. Екеуінің адамгершілігі жер мен көктей. Мен оған ғашық болдым. «Тұрмысқа шық» деп ұсыныс жасады. Бірақ менің туыскандарым болашақ күйеуімнің қытайлық екенін естігенде естен танып қалды.



«Қытайға күйеуге шықсан, босағамды аттама» — деп әкем қаһарын төкті. Өзге ұлтқа шыққаным үшін олар мені әлі күнге көргісі жоқ. Үйде іні-сіңлілерімнің үйлену тойлары, қыз ұзату тойлары болды, шақырмады. Мен олар үшін өлген адам сияқтымын», — деп өткен күн өкінішін білдірді камкөңіл келіншек.

Айгүл ата-анасының қарсылығына қарамастан, некесін

Тақырыпқа тұздық:

Сәуле: – Көке, – деді жасы жиырманың ішіндегі бойжеткен, – қазір өмір өзгерген... Сіз түк те түсінбейсіз?

Әкесі Рамазан: – Қарашығым-ау! – деді еңгезердей азамат. – Түсінбейтін мына мен бе? Сен не деп отырсың? Бағанадан айтқан сөзім далаға кетіпті ғой...Қарағым-ау, не деп отырсың? Білемісің?!

Сәуле: – Көке!, – деді Самал, – Мен оны сүйемін!– даусы салмақпен зілді шықты. Кешіріңіз! Маған басқа ешкімнің де керегі жоқ.



Айша АЙДЫНҚЫЗЫ

(есімі өзгертілген):

«МЕНИҢ ҚАТЕЛІГІМДІ ҚАЙТАЛАМАҢДАР. ӨКІНЕСІҢДЕР...»



«Ата-анамды жерлеген соң, осы Астана қаласына келуіме тура келді. Ең алғаш бастаған жұмысым құрылыс болды. Сол құрылыста сылақ секілді елдің істеп жатқан тіршілігін істедім. Менімен бірге құрылыста түрік азаматтары да істеп жатты. Ішінде жасы келіп қалған, егделеу бір кісі болды. Екеуіміз көңіл жарастырдық десем де болады. Түрік азаматы болғандықтан, ұсынысын қабылдағым келмеді. Бірақ әйелі қайтыс болып кеткен соң, қатты аядым. Өзінің үш қызы мен бір ұлы бар екен. Балаларының руқсатымен маған үйленетін болды. Уақыт өтіп, менің аяғым ауырлады. Екеуіміз түрік еліне барған соң да барлығы жақсы болды. Кейін қыздары маған қабақ шытып, жолдасым да суй бастады. Қыздарымен ашық айқасқа түсіп кеткендіктен, мен елге қайту туралы шешім қабылдадым. Осы сәтте көз қуанышым – ішімдегі балам еді. Бір жылдан кейін қыз бала босандым. Қыз бой жетті, қазір 16 жаста. Екеуіміз бірге тұрып жатырмыз. Осы жағдайдан кейін тұрмысқа шықпадым. Бірақ қызыма қараған сайын, өзіме ешқандай бақыттың керек емес екенін сеземін. Барлық қыз-келіншектерге тек қазақ азаматына, өзіміздің тәрбиемізге сай, салт-дәстүрімізді білетін азаматқа тұрмысқа шығуға кеңес беремін»

(«Әйел бақыты» бағдарламасы, «Қазақстан» ҰТА 2016 жыл)

Қайнайды қаның



Балғынбек ИМАШЕВ, ақын:

Азғындық, алауыздық, арсыздықтың, Қайсысынан бастасам да іркілемін. Қытай, кәріс, үндіге тиіп жатқан, Қыздарың бұзған жоқ па ұлт реңін. Қызына қырық үйден тиым қойған, Қалайша ұмыт болды ғұрпың елім. Шымылдыққа жасасырп сұлуларын, Тегін таза сақтаған түркім едің. Жалғыз қыздың ары үшін азаматы, Жау жапырып кіретін жұртым едің. Ал бүгін азаматтың өзі де әйел, Қас жұлынып, боялды кірпік, ерін.



(«Мәңгілік ел – мұратым» атты 2014 жылғы республикалық «Алтын домбыра» иесі анықталған ақындар айтысынан үзінді)

«Көзімнің қарасы»

кайтады. Содан бері күйеуі хабар-ошарсыз. Ол Айгүлді іздеп келмеді. Келіншек шарқ ұрып іздегенімен түк шықпады. Жалғыз өзі пәтерден-пәтерге көшіп, қызын өсірді. Биыл қызы мектепке барды. Жалғызбасты ана оқушының киім-кешегі мен оқу құралдарын сатып алып, қарызға да батқанына шағымданады. Ол «Қызымның туу туралы куәлігіне әкесінің атын Чуй деп жазудың орнына оны қызымның есіміне жалғап жазған. Енді маған әкесінің аты екенін дәлелдеу мүмкін емес. Алимент өндіріп алуға кедергілер көп екен», — дейді. Айгүл қытайлық күйеуінен үмітін үзген. Оған қазақтың талай жігіті гүл сыйлады, бірақ қытайдан қайтқан қыздың намысына тиіп, жүрегін жаралағандар да көп болды.

